1 дәріс. Кіріспе.

ДӘРІС 1. Алтын Орда тарихын зерттеудің өзекті мәселелері және тарихнамалық талдау

Мақсаты:

Алтын Орда мемлекетінің тарихын зерттеудің негізгі бағыттары мен кезеңдерін анықтау, тарихнамалық көзқарастарды талдау арқылы бұл өркениеттің еуразиялық тарихи процестегі орнын ашу.

Дәріс жоспары:

- Алтын Орда тарихының зерттелу кезеңдерін анықтау;
- Отандық және шетелдік тарихнамадағы басты бағыттар мен мектептерді сипаттау;
- Зерттеу әдістемелеріндегі айырмашылықтарды көрсету;
- Қазіргі кезеңдегі зерттеулердің жаңа әдіснамалық бағыттарын айқындау.

Кілт сөздер: тарихнама, деректер, Отандық тарих


ШЫҢҒЫСХАН НЕГІЗДЕГЕН
МОҢҒОЛ МЕМЛЕКЕТІ
(XII-XIV ғғ.)
Байқал көлі
Бұлғашындар
Өмір(Амур)
Солондар
Шылқы
Шығыс Саян
Қырғыздар
Ангара
Гурван
меркіттер
Жалайырлар
Ертіс
Батыс Саян
Енесай
Дубо
Ойраттар
Тану-ола
Байырғу
Селенга
Тайчуйттар
Аргун
Онон
Хамаг моңғолдар
Зайсан
көлі
Алтантаулары
Наймандар
Керейттер
(1203-1204)
Керулен
Қарақидандар
Қарақорым
Татарлар
(1202 ж.)
Улкен Хинган жотасы
Гоби шөлі
(Дешті құм)
Тянь - Шань
Қоңыраттар
Ұйғырлар
(1047-1218)
Хуанхэ
Таңғұт хандығы
(1031-1227)
Оңғыттар
Цзиннің Чжурген мемлекеті
Кидандар
Бохай
шығанағы
Сары
теңіз

Алтын Орда тарихын зерттеу дәстүрі ертеден қалыптасқан. Ресей ғылымында бұл тақырыпқа ең алғаш рет 1826 ж. назар аударылды. Аталған кезеңде Ресей Ғылым Академиясы «Моңғолдардың Ресейдегі үстемдігі қандай салдарларға әкеліп соқты, атап айтқанда мемлекеттің саяси күштеріне, басқару дәстүріне және ішкі басқаруына, ағартушылық пен халыққа білім беруге қандай ықпал жасады?» деген тақырыпқа байқау жариялаған еді. 1832 ж. бұл байқау қайта жарияланды. Бұл кезеңде зерттеушілерге тапсырма «Жошы ұлысының немесе Алтын Орданың барлық шығыстық мұсылмандық деректерге негізделген қолданбалық тұрғыдан қайта өңделген тарихын жазып шығу» тұрғысынан берілді.

Ғылым Академиясына мерзімі келген кезде неміс тілінде жазылған қолжазбалық шығарма келіп түсті. Ол веналық шығыстанушы И.Хаммердың қолжазбасы еді. Бұл зерттеуші кезінде дүние жүзіне өзінің Хулагуидтер тарихы және түрік-османдарының тарихы туралы көп томдық зерттеулерімен белгілі еді. Хаммердің еңбегі Алтын Орданың Батыс Еуропадағы жалғыз зерттеу болып табылады.

Алтын Орда тарихы туралы XIX ғасырдың 80-жылдары ағылшын шығыстанушысы Ховорсттың үш томдық еңбегінде моңғолдар тарихы біршама жазылып кеткен. Бірақ жұмыстың деректік қоры нашар болды, себебі автор шығыс тілдерін білмегендіктен шығыс әдебиетімен таныспаған.

Орыс шығыстану ғылымы басқа жолмен жүрді. Орыс тарихшылары Батыс еуропалық саяхатшылары (Юлиан, Плано Карпини, Рубрука, Марко Поло, Клавихо, Шильтбергер, Иосафато Барббаро және т.б..) және шығыс авторларының еңбектерін іздеп, орыс тіліне аударды.

Жазба деректер мен зерттеулер











- Осыған байланысты орыс тарихшылары Жошы ұлысының жекелеген мәселелерін мұқият зерттеумен айналысты. Бұл бағыттағы зертеулердің нәтижесі бойынша, академиктер В.В. Бартольд және Б.Я. Владимирцовтар Моңғол мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымын қалпына келтіре алды.

- Орта Азия халықтарының әлеуметтік ұйымдары және саяси тарихының мәселелері, соның ішінде Алтын Ордаға байланысты А.Ю. Якубовскийдің бірнеше мақалалары жарық көрді. Түптеп келгенде ол бірінші болып Алтын Орда тарихы туралы кең мағыналы монографиялық зерттеу жұмысын жазды.

- Кеңестік тарихнамада Алтын Орда тарихының зерттелуіне байланысты жарық көрген ең ірі еңбек екі ірі кеңс тарихшылары – Б.Д. Греков және А.Ю. Якубовскийдің 1937 жылы әріптестікпен шығарылған «Алтын Орда» еңбегі. Бұл шығарма шын мәнінде Ресей Ғылым Академиясының ғалымдардың алдына 1832 жылы қойған мақсаттарының нақты шешімі болды деуге болады. Шындығында авторлар өз жұмыстарының зерттеу нысаны ретінде Алтын Орданың ең гүлденген, күшейген кезеңі болып табылатын ерте кезеңін алған. Б.Д. Греков және А.Ю. Якубовский өз зерттеулерін екінші рет басылымға шығарарда бірінші шыққан еңбектің кемшіліктерін жөндеді. Кітапқа қосымша бірінші басылымға кірмеген жаңа бөлімдер қосылды. А.Ю. Якубовскийдің авторлығымен «Алтын Орданың ыдырауы» атты жаңа бөлім қосылып, онда Дешті-Қыпшақ тарихындағы феодалдық соғыстар терең қарастырылған.

Жазба деректер мен зерттеулер







Келесі кезең Алтын Орда тарихы бойынша жарық көрген М.Г.Сафаргалиевтың, монографиялық зерттеуімен басталды. Бұл зерттеуде Алтын Орда тарихының қорытынды кезеңі, яғни Алтын Орданың біртұтастығынан айырылып, ыдырай бастауының барысы мен сипаты қарастырылған. Дегенмен, автор Алтын Орда құрылу тарихы мен оның Шығыс Еуропада мықты мемлекет дәрежесіне айналу кезеңінде кең түрде қарастырады.

Соңғы жылдары Алтын Орда тарихнамасы жаңа зерттеулермен толықтырылды. Бұл зерттеулерде Алтын Орданың шаруашылық түрлерінің, қоғамдық құрылымы, саяси, географиялық тарихының мәселелері сөз болады. Бұл еңбектерде мемлекеттік басқарудың дамуы туралы сұрақтар қарастырылып, ұлыстық жүйенің қалаыптасуы оның мемлекет құрылымының шарықтау шегі және Алтын Орданың құлдырауына әкелуі баяндалған. Сонымен бірге, бұл процесстің Дешті-Қыпшақтағы этникалық және саяси оқиғалардың дамуына тигізген ықпалы, қыпшақ этносының болашақ түркі халықтары - ноғайлар, башқұрттары, қырым татарлары, көшпелі өзбектер, қазақтар және т.б. бөлінуін сараптаған. Алтын Орданың ыдырауына оның ұлыстық жүйесі ғана емес, сондай-ақ осы ұлыстарды құраған жекелеген аймақтардың өзіндік қоғамдық дамуының бағыттары да әсер еткендігін көреміз. Бұл аумақтар шын мәнінде экономикалық тұрғыдан ғана тәуелсіз болды, бірақ олар саяси тәуелсіздікті де қалады. Зерттеушілер Алтын Орда құрамындағы аймақтардың күшеюіндегі ең маңызды факторды оның құрамына кірген аймақтардың, мәселен, бұрыннан дамыған, күшпен бағындырылған Қырым, Солтүстік Кавказ, Қара теңіз маңы, Днепр жағасы, Еділ бойы, Хорезм, Оңтүстік Қазақстан мен көптеген қалалардың экономикалық тұрғыдан тәуелсіз болуымен түсіндіреді.

ВЛ. Егоровтың монографиясы толығымен Алтын Орданың тарихи географиясын қалпына келтіруге арналған. Автор негізгі жазба деректерге кешенді талдау жасап, археологиялық мәліметтер бойынша Алтын Орданың әкімшілік шекарасының жағдайын, оның ішкі мүшелерін, Алтын Орданың әкімшілік құрылымындағы қалалардың орны, мемлекетік әкімшілік-саяси құрылымы және Алтын Орданың даму тарихы барысындағы әскери-саяси факторлардың ұлыстық жүйе мен географиялық шекараларға әсері қарастырылған.

В.Л. Егоров қалалардың, соның ішінде төменгі Еділ бойындағы жаңа қақалардың да дамуын сипаттай келе, жалпы Алтын Орданың экономиклық әлеуетінің біртіндеп құлдырауын, шөлді территорияларда демографиялық жағдайдың нашарлауын, көшпелілер санының азаюын көрсете отырып, бұл үдерістің басты себебі ретінде хандардың ішкі саясаттағы үздіксіз қақтығыстары мен мен сыртқы саясаттағы тоқтаусыз соғыстарымен түсіндіреді.

Тарихшылар Алтын Орданың құлдырауының басқада себептері ретінде орыс халқының тәуелсіздік үшін күресін, орталықтанған орыс мемлекетінің құрылуына негіз болған орыс жерлеріндегі Алтын Ордаға қарсы көтерілістерді қарастырады. Алтын Орданың құлауына бірден-бір әсер басты факуторлардың бірі ретінде әмір Темір саясаты мен оның шапқыншылық жорықтарын да атап өту қажет.

Жошы ұлсының көптеген мәселелері, атап айтақанда Ақ Орда (немесе Көк Орда) билеушілерімен қарым қатынастырының ерекшеліктері, шыңғыс ұрпағы болып табылатын Алтын Орда ханы Тоқтамыс пен әмір Темірдің арасындағы аяғында Алтын Орданың құлауына әкеліп соққан келіспеушіліктерінің барысы, сипаты зерттелген.

В.В.Трепаловтың монографиясында ХШ ғасырда Моңғол империясының мемлекеттілік мәселесі зерттелген. Бұл еңбекте түріктердің көшпелі дәстүрінің дамуы, көне түркілік мемлекеттілік дәстүрлерінің моңғол империясы құрылуына, оның әлеуметтік-экономикалық мемлекеттілік жүйесіне және оның ыдрауынан кейін пайда болған мемлекеттік құрылымдарға да тигізген әсерлері жаңа тұрғыдан пайымдалған.

Зерттеушілердің көпшілігі Алтын Орданың ыдырауынан кейін құрылған ірі саяси бірлестіктер: Ақ Орда (Көк Орда), Әбілхайыр хандығы, Ноғай Ордасының тарихи мәселелерін қарасытрған. Тарихи әдебиеттерде бұл мемлекеттер туралы көптеген пікір-таластар болды. Бір зерттеушілер аталған мемлекеттік құрылымдарды уақытша пайда болған саяси құрылымдар ретінде бағаласа, басқалары оларды ішкі саяси бірлігі айқын көрінетін, мемлекеттік, әкімшілік және экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізген, тұрғындардың этникалық құрамы анық мемлекеттік бірлестіктер деп қарастырды. Егер Ноғай Ордасының мемлекеттік құрылымын Н.М. Карамзин, С.М. Соловьев, В.В. Вельяминова-Зернов, Г. Перетятковичтер сияқты зерттеушілер сол заманнан бастап мойындаса, Ақ Орда және Әбілхайыр хандығы туралы тұрақты пікірлер аз болды. С.К.Ибрагимов Дешті-Қыпшақта ешқандай «Өзбек хандығы» және өзбек тайпаларының одағы болмағандығын айтады.

Ақ Орда және Көк Орда мәселесі туралы, Ақ Орданың құрылуы және жойылуы уақыт өткен сайын пікір таластарға ұласып, Ақ Орданың шын мәнінде тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүргендігіне күмән келтіреді.

Әбілхайыр хандығы және Ноғай Ордасының тарихы Б.А.Ахмедов және Б.А.Кочекаевтың монографиялық зерттеулерінде қарастырылды.

Қазіргі кезеңдегі зерттеушілер Ақ Орда және Әбілхайыр хандығын түркілік мемлекеттілік жүйесіндегі тәуелсіз мемлекет ретінде мойындады.



-Монғол басқыншыларына қарсы ірі көтері-
Отырар-Басқыншылар талқандап тонаған мекендер аты
Монғолдарға дейінгі елдер, мемлекет-ң шекарасы
-Қазіргі Қазақстанның шекарасы
БҰЛҒАРИЯ
БАШҚҰРТТАР
КЕРЕЙЛЕР
ҚЫРҒЫЗДАР
ХАНДЫҒЫ
Жебе мен Субедей 1224
Жошы 1216
Жошы 1207-08
НАЙМАНДАР
Шыңғыс хан 1219
ҚЫПШАҚ
Жошы 1221
АРАЛ ТЕҢІЗІ
КАСПИЙ ТЕҢІЗІ
Янгикент
Жент
Сығанақ
Созақ
Баршынкет
Сауран
Ясы
Отырар
Сайрам
Шаш
Ходжент
Бухара
Самарқан
Чигиний
Хиуа
Жошы 1220-21
1220
Жебе 1218
Жебе 1218
Алмату
Алмалық
Қубылай 1211
Ежиғы
Қаялық
Ғле
Шу
Тарим
Кашқар
ХОРЕЗМ МЕМЛ.
КҮШЛІК ХАН МЕМЛЕКЕТІ

Жошы Ұлысының (Алтын Орданың) хандары

- Бату хан (1227 — 1255)
- Сартақ (1255/1256)
- Ұлағжы (1256 — 1257)
- Берке (1257 — 1266)
- Меңгу-Темір хан (1266 — 1282)
- Туда Меңгу хан (1282—1287)
- Тұла Бұға хан (1287—1291)
- Тоқта хан (1291—1312)
- Өзбек хан (1312—1342)
- Тыныбек хан (1342)
- Жәнібек хан (1342—1357)
- Бердібек хан (1357—1359)

Алтын Орда тарихының өзекті мәселелері

Бүгінгі таңда зерттеушілер арасында келесі мәселелер талқылануда:

- Алтын Орданың нақты этникалық құрамы мен билік жүйесінің табиғаты;
- Мемлекеттің исламдану үдерісі және оның мәдени салдары;
- Алтын Орданың Еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық рөлі;
- Алтын Орда мен Қазақ хандығы арасындағы саяси және мәдени сабақтастық.

Заманауи әдіснамалық бағыттар

Қазіргі зерттеулер пәнаралық сипатта жүргізіледі: археологиялық, нумизматикалық, деректанулық және тарихи-антропологиялық әдістер үйлесімде қолданылады. Сонымен қатар цифрлық гуманитаристика тәсілдері (GIS-картография, тарихи деректер базасы, дерек мәтіндерінің сандық талдауы) енгізілуде.

Бекіту сұрақтары

Алтын Орда тарихын зерттеудің негізгі кезеңдерін атаңыз.
Кеңестік дәуірдегі тарихнаманың басты ерекшеліктері қандай болды?
Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақстандық зерттеулердің бағыттарын атаңыз.
Қазіргі зерттеулердің өзекті мәселелері мен жаңа әдіснамалық бағыттары қандай?

Пайдаланылған әдебиеттер

Карибаев Б.Б., Ноғайбаева М.С. Алтын Орда және Қазақ хандығы. Алматы., 2022. – 180 бет.
Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. *Золотая Орда и ее падение*. – М.–Л., 1937.
Сафаргалиев М.Г. *Распад Золотой Орды*. – М., 1960.
Егоров В.Л. *Историческая география Золотой Орды*. – М., 1985.
Тизенгаузен В. *Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды*. Т. I–II. – СПб., 1884–1941.
Мұхамбетқалиұлы Н. *Алтын Орда тарихы*. – Алматы, 2018.
Shamiloglu Y. *Tribal Politics and Social Organization in the Golden Horde*. – Kazan, 2019.
Marie Favereau. *The Horde: How the Mongols Changed the World*. – Harvard University Press, 2021.